

Бекітілген:

«Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің №8 жалпы білім беретін негізгі мектебі» ММ педагогикалық кеңестің төрағасы
Иманкулов Н.Е.
№1 педагогикалық кеңес 1.08.2021 ж.



Келісілген:

«Арқалық қаласы әкімдігінің білім бөлімі» ММ басқармасы
Е.Ж.Мамбетов



**«Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің №8 негізгі мектебі» ММ-нің даярлық тобының оқу жоспары.
2021-2022 оқу жылы**

Түсінік хат
№ 8 жалпы білім беретін негізгі мектебінің
2021-2022 оқу жылына арналған оқу-жұмыс жоспары
Мектепалды даярлық сынып

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығымен Орта білім беру ұйымдарында 2020-2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» 2021-2022 оқу жылы барысындағы каникул күндері белгіленді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 өзгерістермен және толықтырулармен енгізілген.

«Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдарымен оқытылады.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен оқу жоспарын басшылыққа алып жасалынды.

«Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы бекітілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары басшылыққа алынып жасалынды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытудың үлгілік оқу жоспары ұйымдастырылды.

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбие мен оқыту баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды, толыққанды физикалық дамуын Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық салт – дәстүрлері негізінде салауатты өмір салтының құндылықтарын қалыптастырады.

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбие мен оқытудың мазмұны мынадай бес білім беру саласын қамтиды: “Денсаулық”, “Қатынас”, “Таным”, “Шығармашылық”, “Әлеумет”. Білім беру салаларының мазмұны ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті, балалардың өзіндік іс – әрекеті және ересек адам мен баланың бірлескен іс – әрекеті арқылы іске асырылады.

«Денсаулық» білім беру саласы – 3 сағат.

Мақсаты: өз денсаулығына саналы қарауды, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсінуді тәрбиелеу, кимыл – қозғалыс белсенділігін дамыту және физикалық сапаларын қалыптастыру. Дене шынықтыру – 2,5 сағат, қауіпсіз мінез – құлық негіздері – 0,5 сағ.

«Қатынас» білім беру саласы – 5 сағат.

Мақсаты: ана тілінің базалық құндылықтарын меңгерген, мемлекеттік және басқа тілдерде мәдени – әлеуметтік өзара қатынасқа дайын, айналасындағы ортамен ауызша және ауызша емес құралдардың көмегімен қатынас жасауға тәрбиелеу.

Сөйлеуді дамыту – 1 сағ., көркем әдебиет – 1 сағ., сауат ашу негіздері – 2 сағ, орыс тілі – 1 сағ..

«Таным» білім беру саласы – 2,5 сағат.

Мақсаты: танымдық іс – әрекет дағдыларын меңгерген, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге және ақпаратты өмірлік маңыздылығын қалыптастыру.

Математика негіздері – 1 сағат, құрастыру – 0,5 сағ, жаратылыстану – 1 сағ.

«Шығармашылық» білім беру саласы – 5 сағат.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік – эмоционалдық саласы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдениеті мен қиялын дамыту.

Сурет салу – 1сағ, мүсіндеу –1 сағ, жапсыру – 1 сағ, музыка – 2 сағаттан.

«Әлеумет » білім беру саласы – 1,5 сағат.

Мақсаты: әлеуметтік ортадағы жағымды мінез – құлық пен қарым – қатынасқа қабілетті әлеуметтік – бейімделген, шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу, Отанға деген сүйіспеншілікке, үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Қоршаған ортамен танысу – 0,5 сағ, өзін – өзі тану 1сағаттан.

Тәрбиеленушілер мен білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің жол берілетін ең жоғары көлемі мен ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің ұзақтығы баланың денсаулығы мен психикасын қорғау мақсатында енгізіледі.

Баланың қалыптасқан базалық құзіреттіліктері: дене бітімі дамыған; білуге құмар; белсенді; эмоционалды елгезек, үлкендермен және құрдастармен өзара әрекеттесу тәсілдері мен қарым – қатынас жасауды меңгерген; өзі, отбасы, қоғам(жақын әлеумет), мемлекет(елі), әлем және табиғат жөнінде алғашқы түсініктері бар: мектепке оқуға қажетті дағдылар мен іскерліктерді игерген мектепке дейінгі ұйым түлегінің моделін сомдайды.

Мектепалды даярлық сыныбының жұмыс оқу жоспары базистік оқу жоспарын іске асыру бойынша білім беру қызметіне бөлінген 20 сағат.

Мектепалды даярлық сыныбының вариативтік компонентіне 3 сағат кіреді.

“Шебер қолдар» – 1 сағат.

Мақсаты: Шығармашылыққа баулу арқылы балалардың тілін, сөздік қорын молайту және ой-өрісін, сана – сезімін жан-жақты дамыта отырып, баланың бойына озық әдет – ғұрып, салт- дәстүрлерді сіңіретіндей имандылыққа, ізгілікке тәрбиелеу.

“Қызықты логика” – 1 сағат.

Мақсаты: Балаларды сөздік жұмысын жүргізе отырып айналасындағы заттармен танысу, атын айта білуге, қасиеті мен сапасы, түр түсі және пішінін ажырата білуге үйрету
« Кел, ойнайық балалар!» -1 сағат.

Мақсаты: ойын әрекеті процестерінде әлеуметтік белсенділігі мен жеке дара баланы қалыптастыру және жетілдіру, балалардың ойын бірлестіктерін нығайту, өз әрекетін серіктесінің іс әрекетімен үйлестіре білуді дамыту, білімін іскерліктерімен өз тәжірибелерін ойын әрекетінде қолдану

Вариативтік бөліміндегі курстардың бәрі педагогикалық кеңесте бекітілген (хаттама №1 28.08.2021ж)

Мектепалды даярлық топтары мен сыныптарда ұзақтығы 25-30 минут болатын сабақтардың саны бестен артық болмауы керек. Бірқалыпты қарқында қимылды ойындар ұйымдастырылатын сабақтардың арасындағы үзілістердің ұзақтығы 10-12 минут болуы тиіс.

Түсінік хат Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021-2022 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-оқыту үрдісін ұйымдастыру туралы әдістемелік-нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып жазылды.

Оқу жұмыс жоспарының вариативтік бөлігінің бағдарламалары пән мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі отырысында қаралды (№1 хаттама 30.08.2021 ж) және педагогикалық кеңесте бекітілді (31.08.2021 ж)

**Мектепалды даярлық сыныбының жұмыс оқу жоспары
2021-2022оқу жылы (қазақ сыныбы)**

№	Білім салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі	Апталық сағат саны	Жүктеме, сағат
			Оқу жылындағы барлық сабақтар
1	«Денсаулық»	3	96
	Дене шынықтыру	2,5	80
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	0,5	16
2	«Қатынас»	5	160
	Сөйлеуді дамыту	1	32
	Көркем әдебиет	1	32
	Сауат ашу негіздері	2	64
	Орыс тілі	1	32
3	«Таным»	2,5	80
	Сенсорика	-	-
	Математика негіздері	1	32
	Құрастыру	0,5	16
	Жаратылыстану	1	32
4	«Шығармашылық»	5	160
	Сурет салу	1	32
	Мүсіндеу	1	32
	Жапсыру	1	32
	Музыка	2	64
5	Әлеумет	1,5	48
	Қоршаған ортамен таныстыру	0,5	16
	Өзін -өзі тану	1	32
ҮОҚ ұзақтығы		25-30 минут	
Барлығы ТОЖ бойынша ҮОҚ саны		17	
Вариативтік бөлік		3	96
	«Шебер колдар»	1	32
	«Кел, ойнайық, балалар!»	1	32
	«Қызықты логика»	1	32
Барлығы		20	640